



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 5-т.

Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымындағы Орталық Комитеттің, Атқару Комитетінің қаулыларын және өздерінің шешімдерін бақылау және орындау жөніндегі жұмыс жағдайы туралы.

Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Р.С. Серікованың ақпаратын тыңдап, талқылай келе, Кәсіподақтың Атқару Комитеті XIV съезден кейін Ақтөбе облыстық ұйымы Съездің шешімдерін және 2019-2024 жылдарға арналған Кәсіподақ қызметі туралы Бағдарламасын іске асыру бойынша тәжірибелік шаралар қабылдап жатқанын атап өтеді.

2021-2023 жылдары Облыстық Кеңестің 3 отырысы, Атқару комитетінің 12 отырысы өткізілді, онда Кәсіподақ пен мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша 45-тен астам қаулы қаралып, қабылданды.

Қабылданған шешімдер мен ұсынымдар Ақтөбе облыстық ұйымының басты жарғылық міндетін – кәсіптік одақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғауды, кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту мен нығайтуды орындауға бағытталған.

Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерінің басым бөлігі уақытылы және толық көлемде орындалады.

Жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің санының өсуі байқалады: 2021 жылы – 590 бастауыш кәсіподақ ұйым, 32 406 кәсіподақ мүшесі, 2022 жылы – 596 БКҰ, 32 841 кәсіподақ мүшесі, 2023 жылы – 606 БКҰ, 32 926 кәсіподақ мүшесі.

Орталық Комитеттің 22.02.2022 жылғы қаулысына сәйкес кәсіподақ органдарына еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандыру тапсырылды. Осы бағыт бойынша жұмыс Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия бекіткен еңбекті қорғауды салалық басқару жүйесіне қатаң сәйкестікте құрылуы қажет. Өкінішке қарай, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында өндірістік жарақат алу фактісі орын алып отыр. Өндірістік

жарақат салдарынан 2 жұмыскер зардап шекті, оның біреуі өліммен аяқталды.

Ақтөбе облыстық ұйымының кейбір филиалдарында ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы мәселені қарастыруда әлеуметтік желілерде парақшалары жоқ. Бұл бағытта оның оң шешімін қарастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салалық кәсіподақтың кәсіподақ органдары мен ұйымдары Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру бойынша мақсатты жұмысты жалғастырсын.

2. Ақтөбе облыстық ұйымының кәсіподақ органдары еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандырсын. Осы бағыт бойынша жұмыс Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия бекіткен еңбекті қорғауды салалық басқару жүйесіне қатаң сәйкестікте құрылуы қажет.

3. Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру, әлеуметтік желілердегі парақшаға жазылушыларды ұлғайту, мобильді қосымшаны пайдалану жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева